



Автор: Шентимирова Анаргүл Қуанышевна

Пән: Химия

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Химиялық элементтердің периодтық жүйесі

Тақырып: Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.2.1.5 Химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6. Химиялық элементтердің табиғи ұяластарын білу және сілтілік металдар мен галогендер,
Сабақтың мақсаты:	I.Табиғи ұялас элементтердің бір топқа жататындығын ұқсас қасиеттері арқылы дәлелдеу; • Сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтерге мысалдар келтіріп, периодтық жүйедегі орнын көрсету; II.Табиғи ұялас элементтер қасиеттерінің өзгеру динамикасын зерделеу; III.Периодтық жүйе заңдылықтары мен ұялас элементтер қасиеттері арасындағы байланысты дәлелдеу;
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология: сілтілік металдар, литий, натрий, калий, рубидий, сезий, франций, инертті элементтер, гелий, аргон, неон, ксенон, криптон, радон, галогендер, фтор, хлор, бром, иод, астат, радиоактивті, қатты заттар, сұйықтықтар, газдар бейметалдар, металдар.
Күтілетін нәтиже:	Инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру;
Бағалау критерийлері:	• Бір топтағы элементтердің қасиеттері ұқсас екенін түсінеді; • Табиғи ұялас топтардағы элементтерді біледі, мысалдар келтіреді;
Құндылықтарды дарыту:	Жұптық және топтық жұмыстар арқылы оқушылардың ынтымақтастық, бір-біріне құрмет, көшбасшылық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту; Жеке жұмыста өз бетімен жұмыс жасау, өмір бойы білім алу құндылықтарын дарыту;
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер: • Табиғи ұяластар элементтер-..... • осы топқа жатады, себебі қасиеттері ұқсас. • Сілтілік металдардың қасиеттері-... • Галогендердің қасиеттері- ... • Инертті элементтердің қасиеттері... • Сілтілік металдар..... әрекеттескенде..... түзіледі. • Галогендер..... әрекеттескенде.....түзіледі.
Пәнаралық байланыс:	Физика
Бастапқы білім:	7.3.В Химиялық элементтердің табиғи топтары және олардың қасиеттері 8.3.А Химиялық элементтердің периодтық жүйесі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (8 минут)	Сыныппен амандасу. Жағымды атмосфера қалыптастыру Сергіту сәті: Оқушылар екі қатарға тұрғызып, мұғалім қатардың ең соңында тұрған оқушыға CL және F элементтерінің таңбасы жазылған парақты көрсетеді. Ол оқушы элемент таңбасын өзінің алдындағы оқушының артына қолымен жазады, ол оқушы өзінің сезінгені бойынша келесі оқушының артына жазады. Осылай өтіп қатардың ең алдында отырған оқушы тақтаға қай элемент екенін жазады. Екі элементтің ұқсастығы айтылады. Сыныпты топқа бөлу: сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтер беріледі, әр оқушы өзіне қажетті элементті таңдау арқылы үш топқа білінеді. Сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтер тобы анықталады. Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтау: Әр топ өздері туралы алдыңғы білімдерден (7-сыныптағы тақырыптан) не біледі, сол туралы бір-екі сөйлем айтады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	Жаңа тақырыпты меңгерту ДЖИГСО әдісі арқылы оқушылар жеке, жұптық, топтық жұмыстар жасайды. Мәтінмен танысып, талқылайды. Жасырын таңдау арқылы тақырыптарын анықтап, әр топ постер дайындап, қорғайды: «сілтілік металдар», «галогендер», «инертті газдар». Бағалау (екі жұлдыз, бір тілек арқылы) Динамикалық үзіліс Оқушылар «калий, хлор, аргон» үшке бөлінеді. Мұғалім ортада тұрып, үш элементтің біреуін атайды. Сол оқушылар орындарын өзара ауыстырады, бір орынға мұғалім отырады. Орынсыз қалған оқушы бір жабық сұраққа жауап береді. Ойын бірнеше рет қайталанады. Теориялық білімді бекіту 1-тапсырма Кластер құрастыру (Топтық жұмыс) ортақ мысалдар тобы қасиеті Бағалау (үш шапалақ арқылы) 2-тапсырма (жеке жұмыс) Бағалау (бағалау критерийлеріне сай сөзбен мадақтау)	
Сабақтың соңы (5 минут)	Үйге тапсырма Периодтық жүйе заңдылықтарын меңгеру және қасиеттері арасындағы байланысты түсіндір;	